



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарма Төтарағасы-ректор
С.Н.Идрисов
«27» 01 2022 ж.

ПОСТДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖ № 189

Атырау 2022ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	2 бет, 16 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Ғылым департаментінің директоры м.а.	А.М. Бакирбекова		14.01.22
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		19.01.22
	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	Е.К. Айбульдинов		17.01.22
	Бас есепші	Р.Д. Исмагамбетова		20.01.22
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т. Кайшыгулова		24.01.22
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов		21.01.22

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	3 бет, 16 беттен тұрады

Мазмұны

1	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	4
2	Жалпы ережелер	4
3	Постдокторантураға үміткерлердің құжаттарын қабылдау тәртібі	5
4	Постдокторантураға конкурс өткізудің тәртібі мен өлшемдері	5
5	Постдокторантураға қабылдау және өтінімді қайтару тәртібі	6
6	Постдокторантурадан өту ережесі	6
7	Постдокторантураны іске асыру шарттарына қойылатын талаптар	7
8	Постдокторанттардың жеке жұмыс жоспарларын бекіту	8
9	Постдокторанттардың аралық және қорытынды аттестатталуына қойылатын талаптар	8
10	Постдокторанттардың құқықтары мен міндеттері	10
11	Постдокторантура бағдарламасы бойынша қаржыландыру тәртібі туралы	11
12	Нормативтік сілтемелер	12
13	Қорытынды ережелер	13
14	Таныстыру парағы	15
15	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	16

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	4 бет, 16 беттен тұрады

1	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар
1.1	Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: Постдокторантура-жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру нысаны, ол мамандандырылған тақырып бойынша ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған, түсу сәтінде соңғы 6 (алты) жыл ішінде PhD докторы дәрежесін алған немесе оған теңестірілген ғалымдар жүзеге жүргізетін ғылыми-зерттеу іс-шараларының кешені болып табылады; Постдокторант (постдок) – постдокторантураға қабылданған тұлға.
1.2	Қысқартулар Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады: ҚР-Қазақстан Республикасы; ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі АУ-Атырау университеті ҒЗЖ-Ғылыми-зерттеу жұмысы; ТКЖ-тәжірибелік-конструкторлық жұмыс; СМЖ-сапа менеджменті жүйесінің қызметі; ПОҚ - профессорлық-оқытушылар құрамы; ҒжХБжП – ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор; ҚББ-құрылымдық бөлімшенің басшысы; ҒК – Ғылыми Кеңес; ҒТК – Ғылыми-техникалық кеңес ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System) – пәнді оқытудың еңбек сыйымдылығының өлшем бірлігі SJR (SCIMago Journal Rank) – осы журналға сілтеме жасайтын журналдардың беделділік дәрежесін есепке алатын көрсеткіш ПЖЖЖ-постдокторанттың жеке жұмыс жоспары МҒТС – мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама
2	Жалпы ережелер
2.1	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің (бұдан әрі –Х. Досмұхамедов ат. АУ) Постдокторантурасы туралы осы ереже (бұдан әрі-Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім Туралы» Заңына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI, 2022-2024 жылдарға арналған «Жас Ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға конкурстық құжаттама туралы 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 185-нж бұйрығымен, Қазақстан Республикасының заңына, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді (бұдан әрі-ҚР БҒМ).
2.2	Осы ереже Х.Досмұхамедов атындағы АУ-де постдокторанттарды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік ғылыми бағдарламаларын жүзеге асырудың міндетті талаптары мен тәртібін және постдокторантураға қабылдау тәртібін айқындайды.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	5 бет, 16 беттен тұрады

2.3	Осы ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың өмірлік циклына қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелер (факультеттер, кафедралар, институттар, Ғылыми, қаржылық бөлімшелер және т.б.) үшін міндетті.
2.4	Постдокторантураның мақсаты: университеттің ғылыми мектептерінің қалыптасуын және сабақтастығын қамтамасыз ету үшін жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау болып табылады.
2.5	Постдокторантура бағдарламасы келесі қызмет түрлерін қамтиды: - постдокторант жұмысының жеке жоспарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысы; - аралық және қорытынды аттестация.
2.6	Постдокторантура бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдастыру бірлігі университеттің ғылыми және білім беру құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі - бөлімшелер) болып табылады. Университет деңгейінде постдокторантураның ғылыми-зерттеу үрдісінің жүзеге асырылуын бақылау мен үйлестіруді Х. Досмұхамедов атындағы АУ Ғылым департаменті жүзеге асырады.
2.7	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік постдокторлық бағдарламаларын іске асыру бөлімшелердің ғылыми зерттеулерінің бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.
3	Постдокторантураға үміткерлердің құжаттарын қабылдау тәртібі
3.1	Постдокторантураға қабылданады: - философия докторы (PhD) дәрежесі бар немесе оған теңестірілген және постдокторантураға түсу сәтінде соңғы 6 (алты) жылдан аспайтын мерзімде диссертация қорғаған үміткерлер; - ғылыми-зерттеу қызметімен белсенді айналысатын үміткерлер.
3.2	Постдокторантураға үміткерлер конкурстық комиссияға келесі құжаттарды ұсынады: - Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш; - жеке куәліктің көшірмесі; - PhD докторы дипломының көшірмесі; - ғылыми жұмыстардың тізімі; - Scopus деректер базасынан автор туралы мәліметтер және/немесе Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасынан дәйексөз келтіру бойынша есеп. Автор туралы мәліметтер және дәйексөз бойынша есеп келесі ақпаратты қамтуы тиіс: жарияланымдар саны, Хирша индексі (h-index), дәйексөздердің жиынтық (жалпы) саны; - патенттердің, авторлық куәліктердің көшірмелері (бар болса); - кафедрадан/институттан/орталықтан/зертханадан «постдокторант» позициясын ашу қажеттілігін және постдокторант өзінің ғылыми қызметін жүзеге асыратын жобалардың бар болуын негіздейтін өтінім; - кафедрадан/институттан/орталықтан/зертханадан өтініш беруші тұлғаны постдокторантураға қабылдау туралы ұсыныс (қолдау хат); - үміткердің ғылыми қызығушылықтары мен постдокторантураға түсу мақсаттарының жоспар-негіздемесі (personal statement).
3.3	Постдокторантураға құжаттарды қабылдау мерзімі күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бағдарламаның өту мерзімі постдокторантураға қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап жүргізіледі.
4	Постдокторантураға конкурс өткізудің тәртібі мен өлшемдері

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	6 бет, 16 беттен тұрады

4.1	Конкурсты өткізу үшін университет Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен сараптау комиссиясы құрылады, оның құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері және университеттің жетекші ғалымдары кіреді.
4.2	Сараптау комиссиясы келесі критерийлер негізінде постдокторантураға үміткерлерді іріктеуді жүргізеді: - үміткердің конкурстың формалды талаптарына сәйкестігі; - ғылыми жарияланымдардың жарияланым белсенділігі мен дәйексөзділігі; - ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу дәрежесі; - магистранттар мен докторанттардың ғылыми жетекшілік немесе бірлесіп басқару тәжірибесі; - үміткерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудегі дербестік дәрежесі. Іріктеу кезінде басымдылық, басқа да тең жағдайларда, ең жоғары ғылыми метрикалық көрсеткіштері бар журналдарда жарияланымдары бар (импакт-фактор, SJR, квартиль) үміткерлерге беріледі.
5	Постдокторантураға қабылдау және өтінімді қайтару тәртібі
5.1	Постдокторантураға қабылдау университет Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен постдокторантураға қабылдау жоспарында қарастырылған срындар санына сәйкес жүзеге асырылады: - постдокторантураға үміткерлердің жеке ғылыми жетістіктері конкурсының нәтижесі бойынша Сараптау комиссиясының оң шешімі негізінде. - постдоктураға үміткерлердің жасы, әдетте, 40 жастан аспауы тиіс.
5.2	Өтініштер қабылданбайды және өтініш берушіге қайтарылады, егер: 1) өтінімді рәсімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі және талап етілетін құжаттардың ұсынылмауы; 2) плагиат фактілерінің болуы; 3) МФТС объектісінің тақырыбын немесе мазмұнын бұрын берілген, бірақ қаржыландыру үшін мақұлданбаған не бір мезгілде берілген МФТС объектілерімен қайталау фактілерінің болуы; 4) постдокторант пен ғылыми кеңесшілердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі; 5) күтілетін нәтижелердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі; 6) шетелдік консультанттың (бар болса) қол қойылған келісімін ұсынбауы; 7) ЖОО-мен бірлескен ғылыми орталықтар үшін постдокторлық бағдарламаның бөлмеуі.
6	Постдокторантурадан өту ережесі
6.1	Постдокторантура бағдарламасын өтудің нормативтік ұзақтығы 3 жылға дейін.
6.2	Постдокторант ғылыми-зерттеу қызметін отандық немесе шетелдік ғылыми кеңесшінің басшылығымен жүзеге асырады. Ғылыми кеңесшілер университет Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен факультеттердің ғылыми кеңестерінің/ҒТК қолдау хаттары бойынша қабылданған сәттен бастап бір ай ішінде бекітіледі.
6.3	Ғылыми кеңесшінің ғылыми дәрежесі немесе оған теңестірілген, қауымдастырылған профессор (доцент)/профессор ғылыми атағы болуы, зерттеулердің осы саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысу керек. Жеке тұлға бір конкурстың шеңберінде 2 (екі) артық постдокторантқа кеңесші болуы мүмкін емес.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	7 бет, 16 беттен тұрады

6.4	Ғылыми кеңесші постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын әзірлеуге және бекітуге қатысады, оның зерттеу жұмысына жетекшілік етеді.
6.5	Постдокторантурадан өту мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс өтіліне есептеледі.
6.6	Қорытынды аттестаттау талаптарына сәйкес ғылыми жарияланымдардың болуы постдокторантура бағдарламасының аяқталуының негізгі өлшемі болып табылады.
6.7	Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету мақсатында постдокторантурадан өту кезінде постдокторанттар шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге құқылы.
6.8	Постдокторанттар бір жыл ішінде кемінде 2 (екі) халықаралық ғылыми конференцияға қатысуға міндетті.
7	Постдокторантураны іске асыру шарттарына қойылатын талаптар
7.1	Постдокторантураға қабылданған үміткер постдокторант мәртебесін алады. Грант жеке зерттеу үшін қарастырылады. Зерттеу тобының басқа мүшелері және/немесе көмекші персонал осы жобаның шеңберінде қарастырылмаған.
7.2	Постдокторант педагогикалық қызметпен айналысуға құқығы бар. Постдокторанттың оқу жүктемесіне жалпы оқу жүктемесі 3 кредит жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Еуропалық кредиттерді аудару және жинақтау жүйесі (ECTS) бойынша бір немесе бірнеше пәндерді оқытуы тиіс және дипломдық, магистрлік және докторлық диссертацияларға жетекші бола алады.
7.3	Постдокторанттар оқытындар университеттің бюджеттен тыс қаражаты және/немесе жобасының гранттық қаржыландыруы ҚР БЖҒМ ҒК есебінен белгіленген тәртіппен ай сайынғы шәкіртақымен қамтамасыз етіледі.
7.4	Постдокторанттар белгіленген тәртіпте оқу-материалдық базаны, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін және университеттің ақпараттық қорын пайдалануға құқылы, қажет болған жағдайда студенттер үйінде жеңілдікпен тұру және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі.
7.5	Постдокторант қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысуға құқылы.
7.6	Постдокторанттарға жыл сайын ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын демалыс беріледі
7.7	Постдокторантураның қызметін ұйымдастыру жауапкершілігі ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорға жүктеледі.
7.8	Постдокторантураны табысты аяқтаған тұлғалар бұрын атқарған лауазымына қайта оралуға құқылы.
7.9	Постдокторанттарды даярлауды жүзеге асыратын бөлімшелердің ғылыми-зерттеу және сараптау-практикалық қызметі үшін жоғары білікті мамандарды даярлаудың озық шетелдік тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік беретін шетелдік жетекші аккредиттелген оқу-ғылыми мекемелермен, ғылыми орталықтармен, халықаралық кәсіби қауымдастықтармен және қоғамдастықтармен ғылыми-білімдік байланыстары болуы және ғылыми ынтымақтастыққа құзыретті шетелдік мамандарды тартуы тиіс.
7.10	Постдокторантура әлемдік ақпараттық ресурстарға, кітапхана қорлары мен деректер базасына, компьютерлік технологияларға және т. б. еркін қол жеткізумен қамтамасыз етілуі тиіс.
7.11	Постдокторантураның ғылыми-зерттеу бағдарламасы:

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	8 бет, 16 беттен тұрады

	- қаржыландырылатын іргелі, қолданбалы және басқа да мемлекеттік бюджеттік және/немесе шаруашылық келісім-шарттық және/немесе университетішілік жобалар шеңберінде орындалады; - өзекті болу, ғылыми жаңалықты және практикалық маңыздылығын ұстану; - отандық және шетелдік ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктеріне негізделу; - жаңа компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемесін қолдану.
7.12	Бөлімшелер ғылыми қоғамдастық және индустрия өкілдері (қажет болған жағдайда) үшін постдокторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелерін ұсынуды қамтитын тұрақты жұмыс істейтін ғылыми-практикалық семинарлардың бағдарламаларын іске асыруы тиіс.
8	Постдокторанттардың жеке жұмыс жоспарларын бекіту
8.1	Постдокторанттар қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын (бұдан әрі – ПЖЖЖ) әзірлейді, ол келесі бөлімдерді қамтиды: - ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмыстарының жеке жоспары; -Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдардың жоспары; - Шетелдік іссапарлар жоспары (конференцияларға қатысу).
8.2	ПЖЖЖ-ды бөлімшелердің басшылары бекітеді.
8.3	ПЖЖЖ постдокторантура бағдарламасын өтуге негіз болады. Қажет болған жағдайда ПЖЖЖ жыл сайын нақтылануы мүмкін.
8.4	Постдокторанттың жеке жұмыс жоспары постдокторантура бағдарламасын игерудің барлық кезеңіне жылдар бойынша бөле отырып жасалады. Жұмыс жоспарында ғылыми зерттеудің тақырыбы, зерттеу бағыты, есептілік мерзімі мен нысаны көрсетіледі. Постдокторанттың ғылыми жарияланымдарының жоспары жарияланымдардың үлгілік тақырыптарын, жұмыстарды жариялау жоспарланып отырған ғылыми басылымдардың атауларын, жарияланымдармен жұмыс істеу мерзімін қамтуы тиіс.
8.5	Постдокторанттардың жеке жұмыс жоспарлары факультеттердің Ғылыми кеңестерінің/ҒТК шешімімен бекітіледі.
8.6	Постдокторанттардың ғылыми қызметіне мониторингті ұйымдастыру мақсатында постдокторанттың жеке жұмыс жоспарының бір данасы постдокторантты даярлауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшеде, сондай-ақ ғылым департаментінде постдокторанттың жеке ісінде сақталады.
8.7	Постдокторантураның жеке жұмыс жоспарларын дер кезінде жасау, бекіту және толық орындалуына постдокторанттар, ғылыми консультанттар және бөлімше басшылары жауапты болады.
9	Постдокторанттардың аралық және қорытынды аттестатталуына қойылатын талаптар
9.1	Постдокторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін бағалау үшін аралық және қорытынды аттестация түрінде бақылау жүргізіледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	9 бет, 16 беттен тұрады

9.2	Аралық аттестаттау нәтижелері негізінде постдокторантурадан өтуді жалғастыру немесе тоқтату және постдокторантқа ай сайынғы стипендияны одан әрі төлеу туралы шешім шығарылады.
9.3	Постдокторанттардың ҒЗЖ нәтижелерін аралық аттестаттау жыл сайын Ғылым департаменті қызметкерлерінің міндетті қатысуымен бөлімшелердің отырыстарында өткізіледі. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша жобаның бүкіл кезеңіне постдокторант келесі ең төменгі нәтижелерді алуы керек: Жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар, медицина және денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау : - Web of Science дерекқорындағы импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильдегі немесе Scopus дерекқорында CiteScore бойынша кемінде 50 процентілі бар журналдарда кемінде 2 (екі) мақала; Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау: - Web of Science деректер базасында Arts and Humanities Citation Index немесе Social Science Citation Index-те индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентілі бар ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала Немесе: - рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған постдокторанттың үлесі 6 б. п. кем емес 1 (бір) кем емес монография; - рецензияланған шетелдік және (немесе) БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 (бес) мақаладан және(немесе) шолулардан кем емес; Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс басымдығы шеңберіндегі жобалар бойынша: - БҒСҚК ұсынған журналдарда және (немесе) басқа отандық рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақала. Бір жарияланым нөмірі тиісті жарияланымды қаржыландыру туралы мәтінде бірінші көрсетілген жоба бойынша ғана есептеледі. Web of Science (оның ішінде – Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index) және Scopus дерекқорында индекстелетін журналдардағы мақалалар ретінде тек осы базаларда индекстелген (бар) және Article (мақала) немесе Article in Press (баспасөздегі мақала) типі бар мақалалар ғана есептеледі. Scopus базасындағы CiteScore журналының квартилі мен процентілі журналға мақаланы берген датасы немесе жарияланған жылымен есепке алынады. Жарияланымдарда корреспонденцияның авторы немесе бірінші автор болуы керек. Постдокторантура кезеңінде Х. Досмұхамедов атындағы АУ аффиляциясын көрсету міндетті болып табылады. Ағылшын тіліндегі басылымдарды қаржыландыру туралы абзацта мәтін келесідей болуы керек: "This work was supported by the Postdoctoral Fellowship provided by Kh.Dosmukhamedov Atyrau University".

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	10 бет, 16 беттен тұрады

	Жобалар бойынша барлық есептер, қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, материалды алып пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйесінде (платформасында) тексерілуі тиіс. Жүргізілген тексеру туралы мәліметтер есептерде көрсетілуі тиіс.
9.4	Постдокторанттар ғылым департаментіне бөлімшелер басшылары растаған, жасалынған ҒЗЖ туралы жылдық есептің бір көшірмесін ұсынады
9.5	Постдокторанттарды қорытынды аттестаттау постдокторантураға қабылданған сәттен бастап үшінші жылдың соңында бөлімшелер отырысында Ғылым департаменті қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуымен өткізіледі және ол ғылыми баяндамамен көпшілік алдында сөз сөйлеуді және Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми журналдарда ғылыми жарияланымдар бойынша есеп беруді қамтиды.
9.6	Постдокторантура бағдарламасы университет есебінен қаржыландырылса келесі күтілетін нәтижелермен постдокторантпен қосымша келісім жасалады: жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңінде постдокторант Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus деректер базасында үшінші квартильдан (Q3) төмен емес индекстелетін журналдарда кемінде 7 (жеті) жарияланым шығарады.
9.7	Постдокторанттардың баяндамамен көпшілік алдында сөз сөйлеуі ғылыми пікірталас сипатында жоғары талапта, принципті және ғылыми этиканы сақтау жағдайында өтуі керек, бұл ретте ғылыми және практикалық сипаттағы жаналыққа, нәтижелердің, қорытындылардың және ұсынымдардың негізділігіне жан-жақты талдау жасалуы тиіс. Факультет / ҒТК Ғылыми кеңесінің мүшелері постдокторанттардың ұсынған ғылыми баяндаманы сараптаудың сапасы мен объективтілігіне, қабылданатын шешімдердің негізділігіне жауап береді және постдокторанттардың жасаған ғылыми жұмыстың критерийлерге сәйкестігін анықтау кезінде талапшылдықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталып, соның негізінде постдокторанттар аттестатталуы мүмкін. Факультеттің Ғылыми кеңесі / ҒТК ашық дауыс беру арқылы постдокторантты қорытынды аттестаттау туралы екі шешімнің бірін қабылдайды: - аттестатталсын; - аттестатталмасын.
9.8	Постдокторанттарды қорытынды аттестаттау нәтижелері белгіленген формадағы хаттамамен ресімделеді, ол әрбір постдокторантқа жеке толтырылады. Хаттамалардың барлық бланкілері нөмірленуі тиіс. Хаттамаларды Ғылыми кеңес/ҒТК отырысының хатшысы толтырады және отырысқа қатысқан Ғылыми кеңес/ҒТК Төрағасы мен 3 мүшесі қол қояды. Отырыс аяқталғаннан кейін барлық хаттамалар белгіленген тәртіппен сақтау үшін Ғылым департаментіне, одан әрі – жоғары оқу орнының мұрағатына тапсырылады
9.9	Постдокторанттың аралық және қорытынды аттестаттаудан өту үшін жасалған жұмыс туралы есепке енгізілген мақалалар үшін күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша сыйақы беруге жол берілмейді. Бірнеше постдок авторлары болып табылатын жарияланым олардың біреуіне ғана есептеледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	11 бет, 16 беттен тұрады

9.10	Постдокторанттарды қорытынды аттестациялауды өткізуді жалпы ұйымдастыру және бақылауды университеттің бөлімшелері мен Ғылым департаменті жүзеге асырады.
10	Постдокторанттардың құқықтары мен міндеттері
10.1	Х.Досмұхамедов атындағы АУ постдокторанттары «Білім туралы», «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен, ҚР БҒМ нормативтік актілерімен, Х. Досмұхамедов атындағы АУ Жарғысымен және ішкі тәртіп Ережелерімен анықталатын құқықтары мен міндеттері бар.
10.2	Постдокторанттар жеке жұмыс жоспарында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін уақтылы және сапалы орындауға міндетті.
10.3	Постдокторанттар міндетті: - жеке жоспарларда қарастырылған жұмыстың әрбір кезеңінің соңында барлық қажетті жазбаша материалдарды уақытында ұсыну; - есептерді тапсырудың белгіленген мерзімдерін сақтау (атқарылған ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмысы туралы, тағылымдамадан өткен жағдайда шетелдік іссапарлар туралы және т. б.); - тегі, мекен-жайы және байланыс деректері ауысқаны туралы университеттің тиісті әкімшілік бөлімшелеріне уақытында хабарлау; - белгіленген мерзімде қорытынды аттестаттаудан өту.
10.4	Постдокторант аттестаттау талаптарын орындамау себебінен постдокторантурадан шығарылған жағдайда постдокторантурадан кейінгі кезеңде университет жұмсаған қаражатын университетке өтейді.
10.5	Постдокторлық бағдарламаларды жүзеге асыру барысында туындайтын барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.
10.6	Х.Досмұхамедов атындағы АУ постдокторанттарының өзге де құқықтары мен міндеттері осы Ережемен көзделмеген ҚР нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.
11	Постдокторантура бағдарламасы бойынша қаржыландыру тәртібі туралы
11.1	Постдокторантура бағдарламаларын іске асыру саласындағы іс-шаралар университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен және/немесе Білім және Ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің «Жас Ғалым» постдокторантура жобасы бойынша постдокторантурада оқитын жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулері гранттық қаржыландыру есебінен қаржыландырылады.
11.2	Постдокторантура бағдарламалары ұзақ мерзімді (қорытынды аттестаттау нәтижелеріне сәйкес сараптау комиссиясының ұсынысы бойынша 5 жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 жыл) болжанады және университеттің бюджеттен тыс қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылады.
11.3	Бюджеттен тыс қаражат үшін пайдаланылады: - Х. Досмұхамедов атындағы АУ постдокторанттарына стипендия төлеу; - ұзақтығы 7 күнге дейін жылына бір реттен аспайтын шетелдегі халықаралық ғылыми конференцияға қатысуға байланысты шығыстарды жабу.
11.4	ҒЗТКЖ қаражаты пайдаланалуы мүмкін: - реактивтермен, ақпарат көздерімен қамтамасыз ету, жабдықтарды пайдалану және т. б.;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	12 бет, 16 беттен тұрады

	-кеңес беру және бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін әлемдік жетекші ғылыми-зерттеу орталықтары мен алыс шетел университеттеріне іссапар шығындарын жабу үшін.
11.5	Гранттық қаржыландыру қаражатын тиімсіз және негізсіз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен постдокторанттан жауапкершілікті талап етіледі.
11.6	Постдокторантура бағдарламасын конкурс жеңімпаздары және гранттық қаржыландыру конкурсы жеңімпаздарымен келісім шартты университет пен Ғылым комитеті жасайды, оған заңнамада белгіленген тәртіппен өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Шартта көрсетілген ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер күнтізбелік жоспарға және өтінімде көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес келуге және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге осы конкурстық құжаттаманың 9-тармағының және 3,6 талаптарынан төмен болмауға тиіс.
11.7	Постдокторант жобаны іске асырудан бас тартқан жағдайда ғылыми кеңес (ҰҒК) шешімімен жобаны іске асыру тоқтатылады, шарт бұзылады, ал жұмсалмаған қаражат университетке Ғылым комитетіне қайтарылады. Егер осы жағдайда жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізілмеген болса, шектеулер қолданылады. постдокторант нәтижелерге қол жеткізілгенге дейін (нәтижелерге қол жеткізу туралы Ғылым комитеті мен Орталыққа хабарланады), бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге Ғылым комитеті жариялайтын келесі конкурстарға ғылыми жетекші немесе постдокторант ретінде қатысудан шеттетіледі. Ғылыми этиканы бұзу (плагиат және жалған тең авторлық, қайталау, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді фабрикациялау және бұрмалау және т.б.) не ҰҒК шешімімен жоба бойынша аралық немесе қорытынды есепті мақұлдамау фактілері анықталған жағдайда, постдокторант Ғылым комитеті жариялайтын келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі. Постдокторант жобаны іске асырудан бас тартқан жағдайда, ол ғылыми жетекші ретінде Ғылым комитеті жариялаған келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.
11.8	Осы жобаны орындау кезеңінде постдокторанттың басқа гранттық және/немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына алғашқы екі жылда зерттеу тобының қатысушысы ретінде немесе осы жобаны іске асырудың үшінші жылында жетекші немесе зерттеу тобының қатысушысы ретінде қатысуға құқығы бар.
12	Нормативтік сілтемелер
12.1	ҚР Конституциясы;
12.2	«Білім туралы» ҚР Заңы;
12.3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
12.4	«Жоғары оқу орындарының академиялық және әкімшілік тәуелсіздігін кеңейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Қазақстан Республикасының Заңы.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	13 бет, 16 беттен тұрады

12.5	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2022-2024 жылдарға арналған «Жас Ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама туралы 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 185-нж бұйрығы.
12.6	Ішкі нормативтік құжаттар.
13	Қорытынды ережелер
13.1	Ережеге енгізілетін өзгерістер АкМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі
13.2	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
13.3	Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.
13.3	Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.
13.4	Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:
	- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
	Басқарма Төрағасы -ректордың бұйрықтары;
	-құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
	- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы
	ҚББ мен АМЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
13.5	Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады
13.6	Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
13.7	ИСО 9001: 2015 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес.
13.8	Ережені Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің және ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкес келуді СМК жүзеге асырады.
13.9	Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын таратуды СМК жүзеге асырады
13.10	Есепке алынған Ереженің жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін жауапкершілік ҚББ-на жүктеледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Постдокторантура туралы Ереже	14 бет, 16 беттен тұрады

Өтініш үлгісі
«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-ректоры
С.Н.Идрисовке

ТАӘ _____
ЖСН _____
жеке куәлік № _____
_____ берілді
_____ мекен-жайы бойынша тұрамын.

Өтініш

Мен, постдокторант _ _ _ _ ТАӘ (толық) _____, «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-дағы постдокторантура туралы Ережемен толық таныстым. Осы Ереженің талаптарымен келісемін және осы Ереженің нормаларын орындауға міндеттенемін.

Қолы

Күні



Постдокторантура туралы Ереже

15 бет, 16 беттен
тұрады

[illegible]



Басылым: екінші

16 бет, 16 беттен
тұрады

[illegible]